

Қарақия ауданының әкімдігінің 27.02.2009 жылғы "Нысаналы топтардан жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруда ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Тәртібі туралы және тізбесін бекіту" № 54 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қарақия ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 10 маусымдағы № 156 қаулысы. Қарақия ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 3 шілдеде № 11-4-88 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 қаңтардағы № 8 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 26.01.2012 № 8 қаулысымен (қол қойылған кезінен бастап күшіне енеді).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2001 жылы 23 қаңтардағы № 148-ІІ "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылы 23 қаңтардағы № 149-ІІ заңдарына сәйкес, аудан әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қарақия ауданының әкімдігінің 27.02.2009 жылғы "Нысаналы топтардан жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруда ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Тәртібі туралы және тізбесін бекіту" (мемлекеттік тіркеу тізілімінде 11-4-80 нөмірмен тіркелген, жергілікті "Қарақия" газетінің 31.03.2009 жылы № 14 санында жарияланған) № 54 қаулысы 3 - қосымшамен толықтырылсын. (қосымша)

2. Қаулымен бекітілген 1 - қосымшасы 1 - тарауының 1 - тармағындағы "жергілікті бюджет" деген сөзден кейін үтір қойылып "республикалық бюджет" және 2-тарау 5 - тармағындағы "есебінен" деген сөзден кейін үтір қойылып "республикалық бюджеттен" деген сөздермен толықтырылсын.

3. Қаулымен бекітілген 1 - қосымшасы 2 - тарауының 6 - тармағы алынып тасталсын.

4. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Г.Сүйеуоваға жүктелсін.

5. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі

Б.Батаев

Келісілді:

Аудан әкімінің орынбасары

Г.Сүйеуова

10 маусым 2009ж

Әкім аппаратының мемлекеттік-құқықтық
бөлімінің жетекшісі
С.Молжігітов
10 маусым 2009ж

Қарақия аудандық жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімінің бастығы
Е.Бегниязов
10 маусым 2009ж

Қарақия ауданының әкімдігінің
"10 " маусым 2009 жылғы № 156
қаулысына
№ 3 қосымша

2009 жылға халықтың нысаналы топтарына арналған әлеуметтік жұмыс орындарын беруші немесе құрушы шаруашылық субъектілерінің тізбесін және шығын мөлшері

Р / с	Мекемелер мен кәсіпорындардың атауы	Жіберілетін жұмыссыз-дар саны	Жұмыс түрлері	Жұмыс мер-зімі	Республика-лық және жергілікті бюджеттен төленетін еңбек ақының мөлшері, көлемінде (тенге)	Жұмыс көлемі
1	ЖШС "Сенек"	80	Мекендер-дің аймағын тазалау, көгалдан-дыру	6 ай	-	Келі-сімге сай
2	М К К "Тұрмыс-Сервис"	60		6 ай	-	Келі-сімге сай
3	М К К "Мұнайшы-Сервис"	158		6 ай	-	Келі-сімге сай
4	Барлығы:	298		6 ай	-	